**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ**

**ПРАВИТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

201____жылғы ________________ Астана, Үкімет Үйі от «___» _____________201___года

№ _______________ № ____________________

№ исх: 21-11/564 от: 13.03.2017

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтаруда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісінің депутаты**
**С.Ф. Бычковаға**

*2017 ж. 17.02. № ДЗ-40*

**Құрметті Светлана Федоровна!**

Сіздің ерекше ұстау режимі бар, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдары (бұдан әрі – арнаулы ұйымдар) мен кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарын (бұдан әрі – КБО), олардың қызметінің тиімділігін арттыру және өмірлік қиын жағдайдағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласында өзекті мәселелерді шешу мақсатында қызметті реформалаудың қажеттілігі туралы ұсыныстарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Сіз көтерген мәселелер өзекті болып табылады және оларды шешу үшін нормативтік құқықтық және сол сияқты институционалды шаралар қабылданады.

Кәмелетке толмаған күдіктілерді өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдырыла алмайтын жағдайларда, оларды қылмыстық процесс бойынша іс жүргізу кезеңінде патронаттық тәрбиеге (*Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 540-бабы*) немесе арнаулы ұйымдарға («*Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту турал» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы*) айқындау туралы мәселе заңнамалық тұрғыда шешілді.

Сонымен бірге, Сіз бастамашылық еткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы өмірлік қиын жағдайдағы балаларға, бақылаусыз және қараусыз қалған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету, КБО-на орналастырылатын балалардың санаттарын анықтау, балалардың

13.03.2017 ЕСЭДО ГО (версия 7.20.0) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

құқықтарын қорғайтын ұйымдардың рөлін күшейту және т.б. бөлігінде Үкіметтің қолдауын алды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілер санын қысқарту және аталған санаттағы балаларды тәрбиенің отбасылық түрлерімен қамту мәселелерін шешу, сондай-ақ панасыз және қадағалаусыз қалған балаларды туған отбасыларына қайтаруға ықпал ету мақсатында өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтарын құру мәселесі реттелді *(«Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы №50 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №726 бұйрық).* Аталған ұйымдар орталыққа өзгеруі нәтижесінде балалар үйлері мен КБО-лар міндеттерінің біріктірілуі болжануда.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтудың 2015-2020 жылдарға арналған жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының *(Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 139-ө өкімімен бекітілген)* 12-тармағына сәйкес кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жанындағы қиын өмір жағдайындағы балалардың ата-аналарына отбасы қолайсыздығының профилактикасы бойынша әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету қызметтерінің жұмысын регламенттеу шаралары қабылданды *(«Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жанындағы қиын өмір жағдайындағы балалардың ата-аналарына отбасы қолайсыздығының профилактикасы бойынша әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету қызметтерінің қызметін регламенттеу шараларын қабылдау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 280 бұйрығы)*.

Арнаулы ұйымдармен, КБО көрсететін қызметтердің тиімділігін арттыру мақсатында білім беру саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары бекітілді *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №17 бұйрығы).* Көрсетілген стандарттарға сәйкес КБО кәмелетке толмағандарға қызметтерді, оның ішінде тәрбиелік, оңалту, сондай-ақ әлеуметтік ортада бейімдеу және интеграциялау бойынша қызметтер кешенін ұсынуы тиіс.

Шығыс Қазақстан облысының Белоусовка кентіндегі арнаулы ұйымның тәрбиеленушілерінің кәсіптік білім алуы үшін оны жатақханадан Көкпекті ауданының Үлкен-Бөкен ауылындағы бұрынғы колледждің үлгілік ғимаратына көшіру мәселесі шешілді. Колледжге берілген ғимараттың шеберханалары бар, сондықтан тәрбиеленушілер үшін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша қысқа мерзімді курстар ашылады. Өз кезегінде, босатылған ғимарат Глубокий аграрлық колледжіне тапсырылады, ол басқа қаладан келген жастардың оқумен қамтылуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, Сіздің арнаулы ұйымдар мен КБО-лардың жұмыс істеуі проблемаларының шешімі аталған ұйымдар міндеттерінің, олардың қызметі форматының және ұйымдық-құқықтық түрінің өзгеруіне әкеледі, бұл мемлекеттік бюджеттен қосымша қаражатты талап етеді.

Осыған байланысты, КБО-да ұсталатын кәмелетке толмағандардың контингентіне өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары бойынша бұрынғы

тұрғылықты жерінде қалдырыла алмайтын жағдайларда құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған күдіктілерді қосуды жөнсіз деп есептейміз.

Бұл ретте, заң бұзған жасөспірімдердің арнаулы ұйымдар мен КБО-да ұсталуы кәмелетке толмағандарға қайта әлеуметтік жағдайларды толығымен жасай алмайды. Оңалту бойынша жұмыс жасөспірімдерге психолог, заңгер әлеуметтік қызметкерлердің қызметтерін пайдалану мүмкіндігін беру арқылы жалғастырылуға тиіс.

Дүниежүзілік тәрбие (Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Норвегия, Жапония және т.б.) қылмыстық қудалау орбитасына түскен жасөспірімдерді сүйемелдеу мемлекеттің азаматтық қоғам институттары арқылы жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Республикада «Құқық», «Кредо» қоғамдық қорлары, «Дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалардың бірлестігі сияқты үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы құқықбұзушылықта айыпталатын балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Жыл сайын заң бұзған 100-ден астам кәмелетке толмағандар (шартты түрде сотталғандар, түзеу жұмыстарына және қоғам жұмыстарына және бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалауға тартылғандар, сондай-ақ жазасын және үкімнің орындалуын кейінге қалдырыла отырып сотталғандар, тергеудегі, есірткі заттарын пайдаланатын сотталғандар және т.б.). Аталған ұйымдардың штаттарында балаларға қайта әлеуметтік жағдайларды жасауда көмек көрсететін заңгерлер, психологтар, психотерапевттер, әлеуметтік қызметкерлер жұмыс атқарады.

Айтылғанға байланысты заңмен шиеленістегі кәмелетке толмағандарды қайта әлеуметтендіру мәселесін жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдармен әріптестікті сатылай дамыту арқылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты бөлу жолымен шешетін болады.

Мұндай шаралар аталған санаттағы балалардың мүдделерінде қызметтің қатысушылары қатарына қалың жұртшылықты тартуға, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың проблемаларын шешу үшін ортақ ресурстарды біріктіруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп атқаратын осы бағыттағы жұмысы жалғастырылатын болады.

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі** **Б. Сағынтаев**

№ исх: 21-11/564 от: 13.03.2017

**Депутату Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**
**Бычковой С.Ф.**

*На № ДЗ-40 от 17.02.2017 г.*

**Уважаемая Светлана Федоровна!**

Рассмотрев Ваши предложения о необходимости реформирования деятельности специальных организаций образования для детей с девиантным поведением, с особым режимом содержания (далее - специальные организации) и центров адаптации несовершеннолетних (далее - ЦАНы) с целью повышения эффективности их деятельности и решения актуальных задач в сфере защиты прав несовершеннолетних, находящихся в трудной жизненной ситуации, сообщаем следующее.

Поднимаемые Вами проблемы являются актуальными и для их решения принимаются как нормативные правовые, так и институциональные меры.

Законодательно решен вопрос об определении на патронатное воспитание (*статья 540 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан*) или в специальные организации (*приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 сентября 2013 года №375 «Об утверждении Типовых правил деятельности по видам общеобразовательных организаций (начального, основного среднего и общего среднего образования)»*) несовершеннолетних подозреваемых по условиям жизни и воспитания, которые не могут быть оставлены в прежнем месте жительства на период производства по уголовному делу.

Также Правительством поддержаны нормы инициированного Вами законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности организаций, осуществляющих функции по защите прав ребенка», в части оказания содействия детям, находящимся в трудной жизненной ситуации, безнадзорным и беспризорным несовершеннолетним, уточнения категорий детей, помещаемых в ЦАНы, усиления роли организаций по защите прав детей и др.

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтаруда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

13.03.2017 ЕСЭДО ГО (версия 7.20.0) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

В целях решения вопросов охвата детей – сирот и детей, оставшихся без попечения родителей семейными формами воспитания, содействия возврату беспризорных и безнадзорных детей в кровные семьи урегулирован вопрос создания центров поддержки детей, находящихся в трудной жизненной ситуации *(приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 29 декабря 2016 года № 726 «О внесении изменений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 22 февраля 2013 года № 50 «Об утверждении номенклатуры видов организаций образования»)*. Планируется, что данные центры в результате трансформации будут объединять функции детских домов и ЦАНов.

Кроме того, в соответствии с пунктом 12 Общенационального плана мероприятий по укреплению семейных отношений, морально-этнических и духовно-нравственных ценностей в Республике Казахстан на 2015 – 2020 годы *(распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 28 ноября 2014 года № 139-р)* приняты меры по регламентации деятельности служб оказания социальной и психологической помощи по профилактике семейного неблагополучия родителям детей, находящихся в трудной ситуации при центрах адаптации несовершеннолетних *(приказ Министра образования и науки Республики Казахстан №280 от 05 мая 2015 года «О мерах по регламентации деятельности служб оказания социальной помощи по профилактике семейного неблагополучия родителям детей, находящихся в трудной ситуации при центрах адаптации несовершеннолетних»)*.

В целях повышения эффективности услуг, оказываемых специальными организациями, ЦАНами, утверждены стандарты оказания специальных социальных услуг в области образования *(приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 19 января 2015 года № 17).* Согласно указанным стандартам ЦАНы обязаны предоставлять несовершеннолетним комплекс услуг, в том числе воспитательные, реабилитационные, а также услуги по содействию в адаптации и интеграции в социальном окружении др.

Для создания полноценных условий получения профессионального образования воспитанниками специальной организации поселка Белоусовка Восточно - Казахстанской области решен вопрос о ее передислокации из общежития в типовое здание бывшего колледжа села Улкен-Бокен Кокпектинского района. Выделяемое здание колледжа имеет учебные мастерские и для воспитанников будут открыты краткосрочные курсы по программам технического и профессионального образования. В свою очередь высвободившееся здание общежития будет передано Глубоковскому аграрному колледжу, что позволит увеличить охват обучением иногородней молодежи.

Вместе с тем, предлагаемое Вами решение проблем функционирования специальных организаций и ЦАНов повлечет изменение функций данных организаций, формата их деятельности и организационно-правовой формы, что потребует привлечение дополнительных средств из государственного бюджета.

В связи с этим считаем нецелесообразным включение в контингент ЦАНов несовершеннолетних, подозреваемых в совершении правонарушений, которые не могут быть оставлены по прежнему месту жительства.

При этом, пребывание в специальных организациях и ЦАНах подростков, находящихся в конфликте с законом, не в полной мере обеспечивает перевоспитание и ресоциализацию несовершеннолетнего. Реабилитационная работа

должна быть продолжена посредством предоставления подростку возможности воспользоваться услугами психологов, юристов и социальных работников.

Мировая практика (Великобритания, США, Франция, Норвегия, Япония и др.) показывает, что сопровождение подростков, попавших в орбиту уголовного преследования, осуществляется через сотрудничество государства с институтами гражданского общества.

В республике такие неправительственные организации, как общественные фонды «Право», «Кредо», Объединение юридических лиц «Союз кризисных центров» через государственный социальный заказ оказывают специальные социальные услуги для несовершеннолетних, подозреваемых в совершении правонарушений, которые не могут быть оставлены по прежнему месту жительства. Ежегодно через эти организации проходят более 100 несовершеннолетних, находящихся в конфликте с законом (условно осужденные, осужденные к привлечению к общественным работам, осужденные к исправительным работам, иным видам наказаний, не связанных с лишением свободы, а также, получившие отсрочку отбывания наказания или отсрочку исполнения приговора, находящиеся под следствием, злоупотребляющие наркотические средства и др.). В штате данных организаций работают юристы, психологи, психотерапевты, социальные работники, которые оказывают помощь в ресоциализации данной категории детей.

В связи с изложенным, вопрос ресоциализации несовершеннолетних, находящихся в конфликте с законом, будет решаться местными исполнительными органами через поэтапное развитие партнерства с социально ориентированными некоммерческими организациями путем выделения государственного социального заказа.

Подобные меры позволят вовлечь более широкий круг участников в деятельность в интересах детей данной категории, объединить общие ресурсы для решения проблем организаций, осуществляющих функции по защите прав несовершеннолетних.

Работа государственных органов совместно с неправительственными организациями по данному направлению будет продолжена.

**Премьер - Министр**
**Республики Казахстан** **Б. Сагинтаев**